

Газдарды механикалық қоспалардан тазарту

Тасымалданатын шикі газ құм, шаң және газ құбырларының коррозия өнімдері сияқты механикалық қоспалардан тұрады. Егер оларды дер кезінде жоймаса, олар компрессорға түсе отырып, поршеннің, цилиндрлердің, поршенді дөңгелектердің клапандардың және басқа бөліктердің тозуына алып келеді. Ал бензинсіздендіру қондырғыларында тарелкалардың қақпағындағы кесіктерді бітейді, жылуалмастырғыштарды, салқындатқыштарды және басқа аппараттарды ластайды.

Газбен бірге механикалық қоспалардан басқа тамшылы ылғал, компрессорлы майдың тамшылары, ал егер мұнайға серік газ болса – онда мұнай тамшылары келіп түседі. Адсорбенттер, абсорбенттер және жіберілетін сұйық өнімдердің ластануының алдын алу үшін, оларды бензинсіздендіру процесінен бұрын жою қажет.

Майлы газ өңдейтін зауыттарда газбен бірге газдық бензиннің конденсаты келіп түседі. Компрессорға берілмес бұрын газ осы конденсаттан бөлінуі қажет. Газ ағынымен келген бензин тамшылары компрессорлы цилиндрдің жағармайын сұйылтады және шайып кетеді, ал цилиндрге көп мөлшерде бензин түскен жағдайда гидравликалық соққылар мен ауыр зақымдар орын алуы мүмкін.

Газдарды механикалық қоспалардан, сонымен қатар тамшылы ылғалдан, мұнай және бензин конденсатынан тазарту үшін әртүрлі құрылымды сепараторлар орнатылады. Газ жылдамдығының, ағыстың бағытының өзгеруі немесе ортадан тепкіш күштің пайда болуы есебінен газ механикалық қоспалардан, су тамшысынан, майдан және конденсаттан тазарады.